

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ОЙЫЛ АУДАНЫ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ОЙЫЛ
АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ

БҰЙРЫҚ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТЬ
УИЛСКИЙ РАЙОН

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
УИЛСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

П Р И К А З

2024 жылғы «22» тамыз
Ойыл а.

№ 439

«22»август 2024 года
с.Уил

**Орта білім беру ұйымдарында
2024-2025 оқу жылын бастау және
аяқтау, білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу бойынша жұмыстарды
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы және Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 08 тамыздағы №386 бұйрығы негізінде Ойыл ауданының орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің №4-17-02-10/6213-И хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі 27.05.2024 жылғы комиссия отырысының хаттамасымен берілген тапсырмаларды орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Аудандық білім беру ұйымдарының басшыларына:

1.1. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты», «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.

1.2. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы негізінде барлық білім беру ұйымдарында жана 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін қажетті барлық шаралар қабылдансын.

1.3. Білім беру ұйымдарында оқушылар, тәрбиеленушілер мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қатаң бақылауға алынсын.

1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.

1.5. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мерзімдері:

2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мерзімдері:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;

11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мерзімдері:

9-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым.

1.6. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

1.8. Қазақ тілінде білім алуға тілек білдірген барлық тәрбиеленушілер мен оқушылардың конституциялық құқығын қамтамасыз ету мақсатында қазақ тілінде топтар мен сыныптар ашылсын.

1.9. Су тасқынынан зардап шеккен Ш.Берсиев атындағы орта мектебі мен Екпетал мектеп бала бақшасы білім беру ғимараттары қалпына келтіргенше мектеп оқушылары мен мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне оқу-тәрбие беру үрдісін ұйымдастырудың тиісті шаралары қабылдансын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлімнің сектор меңгерушісі Е.Бегалинге міндеттелсін.

Ойыл ауданының білім бөлімінің басшысы



С.Карабаліна